

الْحَيْلَالُ
al hilal bank



Дебет картасы
бойынша нұсқа

Құрметті Клиент,

Сізді Шариғат қағидалары мен ережелеріне сәйкес «Al Hilal» Ислам банкі» АҚ Master Card Gold/Platinum дебет картасының иегері болуыңызбен құттықтаймыз!

Біздің картамызбен Сіз әлемнің кез келген елінде тәулік бойы төлем жасау және интернет-банкинг арқылы картаны басқару мүмкіндіктеріне ие боласыз:

- ҚР және шетелде тауарлар мен қызметтер үшін төлем жасау
- интернет арқылы сатып алу
- ақша аудару және төлемдер жасау (коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері, салықтар, айыппұлдар және т.с.с.)
- Halyk Bank банкоматтар желісі арқылы картаны толтыру
- ҚР және шетелде кез келген банктің банкоматтары арқылы қолма-қол ақша алу
- контактіз төлемдер жасау
- БАӘ-де кез келген банк банкоматтары арқылы қолма-қол ақшаны тегін алу

PIN-кодты бекіту әдісі

Картаны іске қосу үшін 7111 нөміріне «EPIN [карта нөмірінің соңғы 4 саны]» мәтінімен SMS-хабарлама жіберіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер Сізге уақытша PIN-коды бар SMS келмесе, 7111 нөміріне қайтадан сауал жолдаңыз. Уақытша PIN-кодтың жарамдылық уақыты – 15 минут. Егер Сіз осы 15 минут ішінде PIN-кодты ауыстырып үлгермесеңіз, 7111 нөміріне қайтадан сауал жолдаңыз.

Уақытша PIN-коды бар SMS алғаннан кейін 15 минуттың ішінде кез келген Halyk Bank банкоматында PIN-кодты келесі жолмен орнатуыңызға болады:



- Картаны банкоматқа енгізіңіз



- Қызмет көрсету тілін таңдаңыз



- Ашылған терезеге SMS арқылы алынған уақытша PIN-кодты енгізіңіз



- Әрі қарай «PIN-кодты ауыстыру/орнату» мәтінін таңдаңыз
- Жаңа PIN-кодты енгізіңіз
- Жаңа PIN-кодты енгізуді қайталаңыз
- Өзіңіз көрсеткен PIN-кодты есте сақтаңыз

Картадағы Сіздің қаражатыңыздың қауіпсіздігі үшін Банк келесі лимиттерді алдын ала орнатқан:

- ҚР аумағында банкоматтардан қолма-қол ақша алу – тәулігіне 500 000 теңге (АҚШ долларының баламасы)
- интернет арқылы тауарлар мен қызметтер үшін төлеу – тәулігіне 50 000 теңге (АҚШ долларының баламасы)
- ҚР тысқары жерлерде банкоматтардан қолма-қол ақша алу тауарлар мен қызметтер үшін төлем жасау – тәулігіне 108 000 теңге (АҚШ долларының баламасы)

Барлық көрсетілген лимиттер мен шектеулер Байланыс орталығына қонырау шалу немесе Банк бөлімшесіне жазбаша өтініш беру арқылы өзгертілуі мүмкін.

Шариғаттың қағидалары мен ережелеріне сәйкес белгілі бір тауарлар мен қызметтер үшін төлем жасау бойынша картамен транзакция жүргізуге келесі шектеулер қойылған:

- ойын-сауық және көңіл көтеретін орындар (түнгі клубтар, барлар, пабтар, кинотеатрлар)
- темекі және алкоголь өнімдерін сататын арнайы дүкендер
- ойын және құмар ойын орындары (казино, букмекерлік кеңселер, лотереялар)
- ломбардтар және шағын несие ұйымдары
- діни тауарлар дүкендері
- қару-жарақ дүкендері
- Шариғат қағидалары мен ережелеріне сәйкес келмейтін басқа да тауарлар мен қызметтердің www.alhilalbank.kz сайтында тізімі көрсетілген

Клиент Шариғат қағидалары мен ережелері бойынша жұмыс жасайтын банк картасының иегері екенін түсінеді және жоғарыда айтылған төлем операцияларын жүргізбеу міндетін қабылдайды.

Тыйым салынған төлем операцияларын жүзеге асырған жағдайда, Банк картаны блокқа қоюға және ол бойынша қызмет көрсетпеу құқығын өзіне қалдыратындығын Сізге ескертеміз.

Сізді www.alhilalbank.kz сайтында жарияланған шартпен мұқият танысуыңызды сұраймыз.

Карта бойынша лимиттер мен шектеулерді қалай алып тастауға болады:

- байланыс орталықтары арқылы ұялы телефондардан 2330 нөмірі бойынша (тегін); + 7 727 233 00 00 (Алматы қаласы бойынша) – лимиттер 3 күнге дейінгі мерзімге өзгертіледі
- жазбаша өтінішпен банк бөлімшелері арқылы – лимиттер кез келген мерзімге өзгертіледі

Қалай alhitalonline интернет-банкингіне тіркелу:

- www.alhitalonline.kz тіркелу сілтемесі арқылы өтіңіз
- Сіздің төлем картаңыздың (карта нөмірі, әрекет ету мерзімі және картаның артқы жағындағы коды) деректерін, құпия сөз және туған күніңізді енгізіңіз
- Сіздің сенімді мобильді телефоныңыздың нөмірін қолдана отырып, өтінімді растаңыз
- alhitalonline-ға ену үшін құпия сөз ойластыру
- alhitalonline-ға ену үшін Сізге сандық сәйкестендіргіш беріледі

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сәйкестендіргіш пен құпия сөзіңізді есте сақтап алыңыз және оларды ешкімге хабарламаңыз.

Интернет-банкинг пен төлем карталарын қолдану барысындағы қауіпсіздік ережелері:

- интернет-банк логині мен құпия сөзін басқа адамдарға және Банк қызметкерлеріне қандай жағдайда болмасын жария етпеңіз
- картаңыздың нөмірін, жарамдылық мерзімін, картаның артқы бетіндегі CVV-кодын және PIN-кодты құпия сақтаңыз:
- PIN-кодыңызды картамен бірге сақтамаңыз, және оны картаға немесе қағазға жазбаңыз
- картаңыз жоғалған немесе ұрланған жағдайда, картаны блокқа қою үшін бірден Банктің Байланыс орталығына хабарласыңыз
- алаяқтық операциялардың қауіп-қатері жоғары елдерде (тізім www.alhitalbank.kz сайтында) картаны қолданған жағдайда картаны жаңа нөмірмен және PIN-кодпен қайтадан шығару ұсынылады

ЕСКЕРТЕМІЗ! Банк түрлі байланыс арналары арқылы картаға байланысты ақпараттарды, логин, құпия сөзін, растау кодын және т.б., білу үшін хабарламалар жіберумен айналыспайды.

Картаны қолдану және қолданыстағы тарифтер бойынша толық ақпаратты www.alhitalbank.kz немесе біздің Байланыс орталығына хабарласу арқылы ала аласыз:

2330 (Қазақстан бойынша ұялы телефондардан қоңырау шалу тегін)
+7 727 233 00 00 (Алматы қаласы бойынша)